ФОНД ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН – ЛИДЕРА НАЦИИ

СОВЕТ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

Қордың кітапханасы • Библиотека Фонда •

# ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ И ВОСТРЕБОВАННОСТЬ НАУКИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ

**VIII Международная научная конференция**

Сборник статей
(часть 5)

**Общественно-гуманитарные науки**

УДК 001 (063)
ББК 72
И 66

**ОТВЕТСТВЕННЫЕ РЕДАКТОРЫ:**

**АБДИРАЙЫМОВА Г.С.** – Председатель Координационного Совета по делам молодежи в научной и образовательной сфере при Фонде Первого Президента Республики Казахстан, доктор социологических наук, профессор, заведующая кафедрой социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби

**АМИТОВ С.А.** – кандидат социологических наук, доцент кафедры социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби

И 66 **Инновационное развитие и востребованность науки в современном Казахстане:** *Сб. статей Межд. Науч. Конф.* (г. Алматы, 27-28 ноября 2014 г.). – Алматы, 2014. – в 5-и томах – Каз., рус., англ.
ISBN 978-601-250-239-8

Ч. 5: Общественно-гуманитарные науки. – 244 с.
ISBN 978-601-250-244-8

В настоящий сборник вошли материалы VIII Международной научной конференции «Инновационное развитие и востребованность науки в современном Казахстане» (г. Алматы, 27-28 ноября 2014 года).

Материалы предназначены для молодых ученых, исследователей, преподавателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующихся проблемами развития современного общества.

**УДК 001 (063)**
**ББК 72**

**ISBN 978-601-250-244-8**
**ISBN 978-601-250-239-8**

© «Фонд Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации», 2014
© Издательская компания «Раритет», 2014

## СОДЕРЖАНИЕ


| № | Название статьи | Стр. |
|---|---|---|
| 1. | **Абдиханова А.А.** Конформизм как социально психологическое понятие | 7 |
| 2. | **Абдихапарова Г.А., Сыргакбаева А.С.** Мораль - адамгершілік тәрбиесінің күретамыры | 11 |
| 3. | **Әбілқасымова Х.Ә., Әбдірайымова Г.С.** Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзіндік айқындалуы | 16 |
| 4. | **Айдарбекова А.С., Амитов С.А.** Этникалық топтардағы жасөспірімдердің қазіргі қоғамға әлеуметтік бейімделуіне әсер ететін факторлар | 22 |
| 5. | **Авсыдыкова Қ. Ә., Сарыбаева И.С.** Қазақстандағы оралман студенттер: көші-қон және әлеуметтік ортаға бейімделу мәселелері | 26 |
| 6. | **Айтжанова Қ., Амиркулова Ж.А** Қазақстан қоғамын консалидациялаудағы ұлттық идея | 34 |
| 7. | **Алимбаева А., Булатбаева А.А.** Жасөспірімдердің интернетке тәуелділігінің карым-қатынасқа әсерін | 38 |
| 8. | **Алтайбаева А.Н., Джаамбаева Б.А.** Қазіргі білім беру жүйесі: философиялық талдау | 43 |
| 9. | **Ариппай Н.А., Әбдікерова Г.О.** Қазақстан қоғамындағы мигранттардың әлеуметтік мәселелерінің алдын алу жолдары | 47 |
| 10. | **Әтібаева А., Наурызбаева А.** Қазақстандағы еңбек миграциясының жағдайы | 51 |
| 11. | **Аязбаева А.Т.** Формирование коммуникативной компетентности студентов мигрантов | 55 |
| 12. | **Байгереева Ә.С., Шеденова Н.У.** Қазіргі казақстандағы қоғамдық ұйымдардың рөлі | 57 |
| 13. | **Баймолдина Л.О.** Мигранттардың коммуникациялық, әлеуметтік-психологиялық өзара әрекеттесуі және аккультурациясының негізгі факторлары | 62 |
| 14. | **Бурханова Д.К.** Стиль жизни казахстанского среднего класса | 69 |
| 15. | **Джалмагамбетова С.М.** XX ғасырдағы саяси және құқықтық ілімдердің ерекшеліктері | 75 |
| 16. | **Ескендиров Ж.А., Любаев А.В.** Бытие человека как исходное основание понимания процесса глобализации | 79 |
| 17. | **Жалғасұлы А.** Алматы қаласындағы заңсыз мигрантардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы | 83 |
| 18. | **Жұмадилова А., Токсанбаева Н.Қ.** Отбасындағы тәрбиенің мінез-құлық акцентуациясына әсері | 88 |
| 19. | **Жусупова А., Жаназарова З.Ж.** Мигрант отбасылар және олардың балаларымен әлеуметтік бейімделу жұмысын ұйымдастыру | 92 |
| 20. | **Қазбекова А., Кенжакимова Г.А.** Сравнительный анализ программ профилактики наркомании | 98 |

8. Алматы ақшамы. - 2013 жыл. - 19 қаңтар. - №8
9. http://www.zakon.kz/116625-dejatelnost-obshhestva-krasnogo.html
10. http://redcrescent.kz

*Л.О. Баймолдина*
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Жалпы және этникалық психология кафедрасының аға оқытушысы, PhD*

# МИГРАНТТАРДЫҢ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ ЖӘНЕ АККУЛЬТУРАЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ

Аккультурацияның негізінде коммуникациялық процесс жатыр. Коммуникация арқылы жергілікті халық өз мәдени ерекшеліктерін игереді, яғни, бір-бірімен өзара әрекеттесу арқылы инкультурациядан өтеді, жаңадан келгендер де қарым-қатынас арқылы жаңа дағдыларды игеріп, жаңа мәдени жағдайлармен танысады. Сондықтан аккультурация процесін жаңа мәдениеттегі коммуникативті қасиеттерді игеруі ретінде қарастырылады. Адамдар біраз уақыт бойы қарым-қатынасқа түскеннен кейін жаңа жағдайда не керек екендігін түсіне бастайды [1, Б. 257.].

Қарым-қатынас адамды қоршаған жағдайлармен өзара әрекеттесу ретінде ұсынылады, сонымен қатар, ондағы әрбір индивидті осы процеске белсенді қатысуға талпынушы жеке-дара ашық жүйе ретінде ретінде қарастыруға болады. Бұл өзара әрекеттесу екі өзара тығыз байланысты процестерден тұрады.

Кез келген қарым-қатынас, соның ішінде тұлғалық та үш өзара байланысты аспектілерден тұрады: танымдық, аффектілі және жүріс-тұрыстық. Ол қарым-қатынаста қабылдаудың, ақпаратты өңдеудің процестерінің жүруіне, сонымен бірге объектілер мен адамдарға және адамды қоршағандарға бағытталған әрекеттердің жүруіне негізделген. Бұл процесс барысында тұлға, алынған ақпаратты қолдана отырып, қоршаған ортаға бейімделе бастайды.

Көбіне фундаменталды өзгерістер танымдық құрылымда болады, яғни қоршаған ортадан ақпарат алатын адамдар арқылы әлем бейнесі өзгереді. Осы бейнедегі айырмашылықты категорияға бөліп интерпретациялау тәжірибесі мәдениеттер арасындағы негізгі айырмашылық болып табылады. Адамдар ақпаратты қабылдау және қайта өңдеу аймағын кеңейту арқылы басқа мәдениет жүйесіне өтіп өзге мәдениеттің адамдары қолданатын танымдық процестерді өзінен көре алады.

«Өзге мәдениет өкілдерімен жемісті қатынасты дамыту үшін адам оны тек рационалды деңгейде ғана түсініп қана қоймай, сонымен бірге басқа адамдармен өз сезімін бөлісе алуы қажет, яғни өзге мәдениетті аффектілік деңгейде қабылдауы қажет. Адам қандай эмоциялық көзқарастар мен реакциялар көрсететінін білуі қажет. Өйткені әрбір қоғамда сентименталдылық пен эмоциялықтың белгілі критерийлері бар. Адамдар басқа аффектілі бағдарға қажетті бейімделу деңгейіне жеткенде олар

жергілікті тұрғындармен әзілді, қуанышты, таң қалуды, сонымен бірге ашу, ауырсыну және көңіл қалу сияқты әртүрлі процестерді бөлісуге қабілетті болады» [1, Б. 258.].

Бірақ өзге мәдениетке бейімделудің шешуші қадамы нақты тұрмыстық жағдайларға сәйкес жүріс-тұрыс дағдыларын меңгеру болып табылады. Олар техникалық және әлеуметтік болып бөлінеді. Техникалық дағдыларға қоғамның әрбір мүшесі үшін маңызды икемділіктер жатады. Ол – тілді меңгеру, сауда-саттық жасап, салық төлей алу және т.б. Әлеуметтік икемділіктер техникалыққа қарағанда ерекше және техникалық дағдыларға қарағанда күрделірек. Тіпті сол мәдениеттің өкілдері өз әлеуметтік рөлдерін орындай отырып, оны не үшін жасайтындықтарын түсіндіре алуы өте сирек кездеседі. Сонымен бірге жасау және қателесу әдісі арқылы адамдардың жүріс-тұрысы үнемі жетілдіріліп және ойланбастан автоматты түрде қолдана алатын алгоритмдер мен стереотиптерге айналады. Адамның өзге мәдениетке толық бейімделуі аккультурацияның барлық факторлары бір уақытта жақсы координацияланып және балансталған деп түсіндіруге болады. Жаңа мәдениет жағдайына бейімделу процесінде адамдар әдетте аккультурацияның бір немесе екі факторының жетіспеуін сезінеді. Мысалы, жаңа мәдениет туралы көп нәрсе біліп, бірақ аффектілі деңгейде контакт болмаса. Егер мұндай айырмашылық көп болса, жаңа мәдениетке бейімделе алмауы мүмкін.

Коммуникациялық процесс ретінде аккультурацияның негізі қарым-қатынас, таным және дағдылар болып табылады. Қарым-қатынас – тұлғалық және әлеуметтік қарым-қатынас сияқты процестермен тығыз байланысты адамның қоршаған ортасымен өзара әрекеттесуі.

Көптеген контактілар мен ақпараттар ағымына қарамастан қазіргі кездегі қоғамның мәдени көп жақтылығы әлі де бар. Этникалық шекаралар өзін белгілі бір категорияларға қатыстыру арқылы әлеуметтік өзара әрекетте этникалық бірдейлікті қолдану есебінен қалыптасады.

Аккультутарцияны әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде қарастыру тілдік аккультурацияның мәнін ашып алмайынша толық болмайды. Себебі, қандайда бір қауымдастықтың мүшесі ретінде тұлға коммуникацияның көмегімен қалыптасады – яғни тіл арқылы әлеуметтік және мәдени ақпараттар беріледі. Сондықтан, тіл (ұлттық-мәдени тиістіліктің маңызды факторы) аккультурация процесінің атрибуттарын – әлеуметтік құндылықтардың тасымалдаушы болып табылады.

«Тілдік аккультурация» тұлғаның әлемді қабылдауы мен сезінуін өзгертудің жиынтығы, сонымен қатар, қоршаған ортамен өзін сәйкестендіре отырып, жарнамаланған ақпарттарды қабылдау арқылы осы мәдениеттің өкілдерімен вербалды қарым-қатынасқа түсудің нәтижесі.

Тілдік аккультурация өзге мәдениеттің элементтерін қабылдап, жүріс-тұрыс паттерндері, этникалық дәстүрлер, салттар сияқты этникалық дүниетанымды, социумның материалды және рухани құндылықтарын өзгерту және өзге мәдениеттің элементтерін қабылдауды шақырады.

Бұл кезде ақпаратты беру донор мәдениеттің тілін жеткілікті деңгейде меңгеру арқылы жүреді.

Әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде тілдік аккультурацияны зерттеу келесілерді саналауды болжайды:

- тілдік аккультурацияның мәнін, оның пайда болу жағдайының құрылымын, негіздемесін және факторларын, даму жолы мен оптималды бағыттарын және оның одан арыжетілдірілу мүмкіндіктерін;
- аккультурация процесіндегі тілдік аккультурацияның орны мен маңызын, оның әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік интеграциялану процесіндегі рөлін.

Әлеуметтік деңгейге ауысатын жеке деңгейдегі тілдік аккультурацияның компоненттерінің арасындағы байланысты зерттеу отырып, біз мәдениеттер, тілдер, халықтар арасындағы өзара қатынасқа қатысты мәселені шешудің кілтін табамыз [2].

Миграция әлемнің барлық аймақтарындағы әлеуметтік дамудың және өзгерудің басты факторларының біріне айналды. Оның тікелей әсер етуі экономиканың жағдайынан, әлеуметтік қатынастардан, мәдениеттен, ұлттық саясат пен халықаралық қатынастардан көрінеді. Миграция процесі барлық уақыттарда халықтың саяси, экономикалық және мәдени өмірінің маңызды элементі болды [3].




Сурет 1 – Аккультурациялық стресс пен бейімделуге әсер ететін факторлар

1-суреттің орталық блогында топтық және жеке аккультруациядан бастап ұзақ уақыттық бейімделумен аяқталатын психологиялық аккультурация процесіне қосылатын бес негізгі феноменді көрсетеді. Бұл процесс екі басты себепке байланысты күшті өзгеруге қабілетті. Оның біріншісі – негізгі аккультурацияға дейін (оларды, өмір сүріп жатқан әлеуметтік саясат есебінен өзгертуге болмайды) болған реттеуші факторлардың әрекеті; екіншісі – бұл аккультурация процесі барысында пайда болуы мүмкін факторлар (оларды кейбір деңгейге дейін бақылауға болады). Бұл реттеуші факторлар топтар үшін де, жеке адам үшін де маңызды, олар интенсивтілігі мен деңгейіне байланысты қорғаныс факторлары ретінде де, тәуекел факторы ретінде де қарастырылады.

Психологиялық аккультурацияның бес негізгі ерекшеліктері жалпы әдебиеттерде де, осы тақырыпты қарастыратын әдебиеттерде де әртүрлі атауға ие. Бірақ ағзаны «жүктеу» немесе оған талаптарды қоятын себептік факторлардан басталатын өмірлік мәселелерді шешу процесі туралы ортақ келісім бар [4]. Аккультурация процесінде бұл талаптар контактіде болатын екі мәдениет арасындағы қарым-қатынас тәжірибесінен және олардың екеуіне де әртүрлі деңгейде қатысу қажеттілігінен туындайды.

Екіншіден, адамдар бұл тәжірибенің мағынасын қиыншылықтардың қайнаркөзі ретінде бағалап және кейде ұсынылған мүмкіндіктер ретінде қарастырады. Бұл өзгерістің нәтижесі, аккультурация тәжірибесі адам үшін ешқандай мәселе тудырмай, жүріс-тұрысы да өзгеріске ұшырамай-ақ өзгергіш болады. Маңызды конфликтілерді бастан кешіру тәжірибесі мәселелік, бірақ бақыланатын және басқарылатын болса, ол аккультурациялық стресс болып табылады. Бұл жағдайда адамдар мәдениаралық контактілер нәтижесінде көрінетін мәселелермен қақтығысады. Оларды жеңіл және жылдам шешуге болмайды.

Үшіншіден, индивидтер мәселелі деп бағаланған тәжірибемен жұмыс істей отырып, стратегияларға кіріктіріледі. Бұл копингтің негізгі стратегиялары мәдени аралық стратегиялармен байланысты түсінікті болуы мүмкін. Жалпы стресс пен бейімделу бағытының тұжырымдамасы шеңберінде копинг түсінігімен байланысты басқа да стратегиялар ұсынылды [5].

Оның екі негізгі қызметтерін анықтады: мәселеге шоғырлану және эмоцияға концентрациялану.

Психологиялық аккультурацияның төртінші аспектісі – стресс түсінігіне жақын психологиялық және эмоциялық реакцияларды қосқанда жанама эффектілердің күрделі жиынтығы. Жүріс-тұрыс өзгерістері еш қиындықсыз болса, тұлғалық салдарлардың минималды болу ықтималдылығы жоғары болады. Аккультурациялық мәселелер пайда болып, бірақ оларды сәтті жеңсе, стресс қатты болмайды, ал тікелей эффектілер жағымды болады. Ал стресс факторларын толығымен жеңбесе, стресс күшті болып, оның эффектілері теріс болады.

Психологиялық аккультурацияның бес негізгі ерекшеліктерінің соңғысы ұзақ мерзімді бейімделу. Бейімделу психологиялық және әлеуметтік мәдени сияқты екі негізгі аспектіге ие қоршаған ортаның талаптарына жауап ретінде тұлғада немесе топта болатын салыстырмалы тұрақты өзгерістері.

Аккультурация процесінде көрінетін реттеуші факторларды қарастырайық (1-сурет). «Реттеуші» факторлар (негізгі құбылыстар арасындағы қатынасқа әсер етуші) кейде ауыспалылар ретінде қызмет жасайды. Көптеген эмпирикалық зерттеулер бұл факторларға әртүрлі рөлдерді жатқызады; аккультурациялық зерттеулердің бұл кезеңінде оларды бірінші және екінші болып табылады деп бір жақты нақтылауға болады.

Көптеген адамдар аккультурация процесіне демографиялық, психологиялық және әлеуметтік ортаның көптеген тұлғалық сипаттамаларымен түседі. Адамның жасы аккультурацияның қалай жүретініне тікелей байланысты. Аккультурация ерте жастан басталса, процесс әдетте өте жақсы өтеді [6]. Себебі, жеке икемділік пен бейімділік ерте жаста максималды болады, бірақ жасөспірімдерде жеткіншектіктік шағында көптеген мәселелері болады [7, 8], сонымен бірге, ата-аналары мен құрбыларының талаптары арасындағы конфликт немесе балалық шақтан ересектік өмірге өту мәселелері мәдени өзгерістермен бірге жүруі мүмкін. Мысалы, бірдейліктің даму мәселесі бұл жаста алдыңғы жоспарға шығып, этникалық бірдейлік мәселесімен өзара әрекеттеседі. Егер аккультурация процесі адамның ұлғайған жасында басталса, онда тәуекел ұлғаяды. Гендер де аккультурация процесіне де әртүрлі әсер етеді. Әйел адамдар ер адамдарға қарағанда тәуекелге көп ұшырайтындығына байланысты да дәлелдер бар [9].

Бірақ, мұндай жалпылау екі мәдениеттегі әйел адамдарға деген әртүрлі қатынас пен беделіне тәуелді: әйел адамдар өмір сүріп жатқан қоғамындағы жаңа рөлдерді алуы өз мәдениетімен конфликтіге әкелуі мүмкін [10,11].

Білім бейімделу мүмкіндігімен байланысты тұрақты факторлар болып табылады: жоғарғы білім стреске түсудің төменгі деңгейін көрсетеді. Мұндай өзара байланысты түсіндіру үшін бірқатар жағдайлары бар. Біріншіден, білім тұлға ресурсы болып табылады: мәселені шешу мен талдау формальді білім берудің есебінен біртіндеп енгізіледі, себебі, бейімделу процесінің жеңілдеуіне өз үлесін қосады. Екіншіден, білім кіріс, кәсіби бедел және қолдау жүйесі сияқты ресурстармен байланысты. Олардың әрқайсысы қорғаныс факторы болып табылады. Үшіншіден, білім тарды қоғамның сипаттық ерекшеліктеріне бағыттайды, бұл жаңа мәдениеттің тіліне, тарихына, құндылықтары мен нормаларына қатысты алдын-ала аккультурацияның түрі болып табылады.

A. Richmond [12] бойынша олар жаңа қоғамдағы күтулері жоғары болғандықтан реактивті жүріс-тұрыстағы мигранттар проактивті жүріс-тұрыстағы мигранттар сияқты стреске түсу қаупі жоғары.

Ұзақ мерзімді аккультурация мен бастан кешкен қиындықтар арасындағы өзара байланысты саналаудағы балама қоғамдағы өмір сүру мүмкіндіктері мен мигранттың тұлғалық ресурстарына қатысты уақыт

өтуімен өзгеретін мәселелер мен тәжірибенің ерекше сипатын қарастыру болып табылады. Мысалы, тілді үйрену, қызмет пен баспана алу, әлеуметтік қатынастарды реттеу [13]. Бұл бағыт мүмкін болатын ұзақ мерзімді бейімделудің бастапқы контактіден соңғысына дейінгі жоғары деңгейдегі өзгеруін көрсетеді.

Аккультурация стратегиялары жағымды бейімделумен өзінің мәнді байланысын көрсетті: интеграция, сәтті, маргиналдану – соңғы орында болса, ассимиляция мен сепарация ортаңғы деңгейде орналасты. Бұл паттерн фактілік түрде барлық зерттеулерде байқалды және аккультурациялық топтардың барлық типтерінде көрінеді [14,15].

Ең қарапайым түсіндіру бойынша, интеграция екі жағымды бағыттан тұрса, маргиналдану – екі жағымсыз, ал ассимиляция мен сепарация бір оң және бір теріс өзара байланысты көрсетті.

Психологиялық денсаулық аймағындағы зерттеулерде әлеуметтік қолдау [16], оның бейімделу мен аккультурациядағы рөлі қарастырылды [17,18]. Кейбір индивидтер үшін мұралық мәдениетпен байланыс әлсіз стреспен байланыстырылады [19,20], басқалар үшін күткендері өзара қатынастарымен сәйкес келсе, өмір сүріп жатқан қоғамының мүшелерімен байланысы пайдалы болды [21]. Бірақ көптеген зерттеулерде екі мәдениеттің де өзара қолдау қатынасы сәтті бейімделудің көрсеткіші болып табылады [22,23].

Кейбір зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, жансақ нанымдар мен кемсіту тәжірибесі адамның жетістігі үшін теріс әсер етеді [24,25]. Аккультурацияны бастан кешіріп отырған тар үшін ол қосымша тәуекел факторы болып табылады [26]. Кейбір зерттеулер көрсеткендей, мұндай жансақ нанымдар мүлдем жоқ емес, бірақ мәдени плюралистік қоғамдарда аз таралғандығын көрсетеді.

Бейімделу өте көп қырлы. Психологиялық және әлеуметтік мәдени бейімделу арасындағы бастапқы айырмашылық C. Ward және оның қызметтестерімен ұсынылды [27]. Психологиялық бейімделу көп жағдайда адамның психологиялық және физиологиялк жетістігін анықтаса [28], әлеуметтік мәдени бейімделу аккультурациядан өтін жатқан индивидтің жаңа мәдени контекстегі күнделікті өмір сүруін көрсетеді.

Аккультурацияның соңғы нәтижесі - қоршаған ортаның талаптарына жауап ретінде жеке және топтық санада тұрақты өзгерістердің болуымен сипатталады. Бейімделу индивид пен ортаның өзара сәйкестігіне әкелмеуі де мүмкін, сонымен бірге, өз ортасын өзгертуге тырысу және қарсылық білдіру немесе өзара бірлесіп өзгеруге әкеледі. Бұл мағынада бейімделу – позитивті нәтиже болуы шарт емес. Қазіргі кездегі жаңа бағыттарда бейімделу түсінігінің биполярлы мағынасы қолданылады. Ол жағымды континуумнан жағымсызға қарай әртүрлі болуы мүмкін.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Harry C. Triandis. Culture and Social Behavior. - New York: McGraw- Hill, 1994. – P. 105.
2. Мамедов Ф.Д. Психологическая структура личности на высшем уровне процесса языковой аккультурации: автореф. ... канд. психол. наук: 19.00.05. – М., 2005. - 20 с.

3. Амитов С.А. Социальная адаптация этнических репатриантов в современном казахстанском обществе (социологический анализ): дис. ... канд. социол. наук. – Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2010. - 138 с.
4. Aldwin C. Stress, coping, and development: An integrative approach. - New York: Guilford, 1990. – 268 p.
5. Lazarus R.S. Theory-based stress measurement // Psychological Inquiry. - 1994. - №1. - P. 3-13.
6. Beiser M., Barwick C., Berry J.W.. da Costa G., Fantino A., Ganesan S., Lee C., Milne W., Naidoo J., Prince R., Tousignant M. & Vela E. Menial health issues affecting immigrants and refugees. - Ottawa: Health and Welfare Canada, 1988. – 345 p.
7. S. Aronowitz. The Politics of Identity: Class, Culture, Social Movements, by Stanley Aronowitz. - New York: Routledge, 1992. - 287 p.
8. Sam D.L., Berry J.W. Acculturative stress among young immigrants in Norway // Scandinavian Journal of Psychology. - 1995. - №36. - P. 10-24.
9. Carballo M. ScienriFc consrrlration on the social and health impacr of migration: Priorities for research. - Geneva: International Organization for Migration, 1994. – 368 p.
10. Voghaddam F.M., Ditto B., & Taylor D. Attitudes and attributions related to 5ymptomatology in Indian immigrant women // Journal of Cross-Cultural Psychology. - 1990. - №1. - P. 335-350.
11. Naidoo, Saidoo J.C. The mental health of visible ethnic minorities in Canada // Psychology and Developing Socieries. - 1992. - №4. - P. 165-186.
12. Richmond A. Reactive migration: Sociological perspectives on refugee movements // Journal of Refugee Studies. - 1993. - №6. – P. 7-24.
13. Ho E. The challenge of cultrire change: The cross-culrural adaptation of Hong Kong Chineseadolescent irnmigranrs in New Zcaland: Unpublished Doctoral Thesis. - New Zealand, University of Waikato. - 1995. – 320 p.
14. Berry J.W. & Kim L'. Acculturation and mental health / In P.R. Dasen. J.W. Berry & N. Sartorius (Eds.). Healrh and cross-culriiral psychology: TouBards applications. - Newbury Park. CA: Sage, 1988. - P. 207-238.
15. Berry J.W., & Sam D.L. Acculturation and adaptation / In J.W. Berry, M.H. Segall, & C. Kigitcibasi (Eds.), Handbook of cross-cultural psychology: Social behavior and applications. - Boston: Allyn & Bacon. - 1997. - №3. - P. 291–326.
16. Lin N., Dean A., R.C. Ensel. (Eds.) Socialsicpporr. Life evenfs and depression. - New York: Academic Press, 1986. – 496 p.
17. Furnham A. & Alibhai N. The friendship networks of foreign students// Intrernarional Journal of Psychology. - 1985. - №9. – P. 365-375.
18. Vega W. & Rumbaut R. Ethnic minorities and mental health // Annual Review of Sociology. - 1991. - №17. – P. 56-89.
19. Vega W., Kolody B., Valle R., & Weir J. Social networks, social support. and their relationship to depression among immigrant Mexican women // Human Organizatron. - 1991. - №50. - P. 154-162.
20. Ward & Kennedy, Ward C. & Kennedy A. Locus of control, mood disturbance and social difficulty during cross-cultural transitions // International Journal of Inrerculrural Relations. - 1992. -№16. – P. 175-194.
21. Berry J.W. & Kostovcik N. Psychological adaptation of Malaysian students in Canada // In A.H. Othman & W.R.A. Rahman (Eds.). Psychology and socio-economic development. - Bangi: Penerbit Universiti Kebangsaan Malaysia, 1990. - P. 155-162.
22. Berry J.W., Kim U., Minde T., & Mok D. Comparative studies of acculturative stress // Inrernational Migrarion Review. - 1987. - №21. – P. 491-511.
23. Kealey D.J. A study of cross-cultural effectiveness: Theoretical issues. Practical applications // Inrernational Journal of Inferculrural Relations. - 1989. - №3. – P. 24-28.

24. Halpern D. Minorities and mental health // Social Science and Medicine. - 1993. - №36. - P. 597-607.
25. Beiser M., Noh S., Hou F., Kaspar V. & Rummens J. Southeast Asian refugees' perceptions of racial discrimination in Canada // Canadian Ethnic Studies. - 2001. - №33(1). - P. 46-71.
26. Murphy H.B.M. Migration and the major mental disorders / In M. Kantor (Ed.), Alohilirv and mental healrh. - Springfield: Thomas, 1965. – P. 221-249.
27. Searle W. & Ward C. The prediction of psychological and sociocultural adjustment during cross-cultural transitions // International Journal of Inrercultural Relations. - 1990. – №14. - P. 449-464.
28. Schmitz P. Immigrant mental and physical health // Psychology and Developing Societies. - 1992a. - №4. - P. 117-131.

***Бурханова Дана Камаловна***
***доктор Ph.D. КазНУ им.аль-Фараби***

## СТИЛЬ ЖИЗНИ КАЗАХСТАНСКОГО СРЕДНЕГО КЛАССА

Существуют множество различных подходов для определения среднего класса. Можно попытаться определить представителей среднего класса по уровню дохода, уровню образования или по социально-профессиональным категориям. Но, в то же время, по отдельности эти подходы являются неудовлетворительными для объяснения сложной социальной совокупности как средний класс [1].

Логичным видится применение комплекса определенных критериев, связанных со способностью среднего класса выполнять обычно ассоциирующиеся с ним функции, среди которых стабилизация социально-политической ситуации, роль главного экономического «донора» в том числе, как «поставщика» высококвалифицированной рабочей силы и главного налогоплательщика, а также распространение новых социально-экономических и социокультурных практик, носителя национальной культуры и ценностей [2].

Большинство экспертов сходятся во мнении что, материальное благосостояние является важным показателем отнесения к среднему классу и для отнесения к нему, семья должна иметь определенный уровень стабильного заработка. Данный уровень в крупных городах Казахстана должен составлять от 500 до 1500 долларов США на человека, распределяясь, таким образом, на разные слои внутри самого среднего класса.

В рамках представленного подхода были выбраны следующие критерии отнесения индивидов к среднему классу:

- *уровень благосостояния,* формирующийся из наличия постоянного заработка, показателей среднемесячных душевых доходов и другие косвенные признаки (количество имеющихся товаров длительного пользования, объем сбережений). Также, для отнесения индивида к среднему классу показатели среднемесячных доходов на одного члена семьи за последние 6 месяцев должны были составить более 5,3 прожиточных